

Кейбір мемлекеттік мекемелерді қайта ұйымдастыру туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 13 қыркүйекте № 209 қаулысы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 45, 46-баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 130-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) оған "Атырау облысы Ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Алынып тасталды - Атырау облысы әкімдігінің 31.10.2023 № 212 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес кәсіпорындардың атаулары өзгертілсін және мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілсін.

4. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес өткізу актісі бекітілсін.

5. "Атырау облысы Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 2-қосымшасында атаулары өзгертілген мемлекеттік мекемелердің жарғыларын бекітуге және өзгерістер мен толықтырулар енгізуге өкілеттік берілсін.

6. Алынып тасталды - Атырау облысы әкімдігінің 31.10.2023 № 212 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Атырау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі №71 "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" қаулысының 2, 3-тармақтарының 1), 2) тармақшаларының және Атырау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 60 "Атырау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 71 "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысының күші жойылсын.

8. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" және "Атырау облысы Ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемелері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды алсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Қ.Е. Нұрлыбаевқа жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Атырау облысы әкімдігінің
2021 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 209 қаулысына 1-қосымша
Атырау облысы әкімдігінің
2021 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 209 қаулысымен бекітілген

"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - Атырау облысы әкімдігінің 31.10.2023 № 212 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Атырау облысы әкімдігінің
2021 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 209 қаулысына 2-қосымша

Қайта аталатын кәсіпорындардың тізбесі

№	Кәсіпорындардың қазіргі атауы	Кәсіпорындардың өзгертілген атауы
1	"Атырау облысы Ветеринария басқармасының Атырау қалалық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының Атырау қалалық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
2	"Атырау облысы Ветеринария басқармасының Жылыой аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының Жылыой аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
3	"Атырау облысы Ветеринария басқармасының Индер аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының Индер аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
4	"Атырау облысы Ветеринария басқармасының Исатай аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының Исатай аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
5	"Атырау облысы Ветеринария басқармасының Құрманғазы аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының Құрманғазы аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

6	"Атырау облысы Ветеринария басқармасының Қызылқоға аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының Қызылқоға аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
7	"Атырау облысы Ветеринария басқармасының Мақат аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының Мақат аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
8	"Атырау облысы Ветеринария басқармасының "Махамбет аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының Махамбет аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Атырау облысы әкімдігінің
2021 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 209 қаулысына 3-қосымша
Атырау облысы әкімдігінің
2021 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 209 қаулысымен бекітілген

Өткізу актісі

1. Осы актімен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 46, 47-баптарына сәйкес "Атырау облысы Ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінен құқықтық мирасқорлық бойынша барлық құқықтары мен міндеттемелердің "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне берілуін растаймыз.

2. Қосу жолымен қайта ұйымдастырылған "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, сондай-ақ 2021 жылғы 23 тамыздағы жағдай бойынша активтер мен пассивтер беріледі:

Активтер		Сомасы (мың.теңге)
I.Қысқа мерзімді активтер		
Ақшалай қаражаттар	010	1 034 650,0
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	011	
Қысқа мерзімді	012	
Қорлар	013	981,7
Ағымдағы салық активтері	014	
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	015	
Басқа да қысқа мерзімді активтер	016	

Қысқа мерзімді активтер жиынтығы	100	1 035 631,7
II. Ұзақ мерзімді активтер		
Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялар	020	
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	021	
Үлестік қатысу тәсілімен ескерілетін инвестициялар	022	
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	023	
Негізгі қаражаттар	024	22 933,2
Биологиялық активтер	025	
Барлау және бағалау активтері	026	
Материалдық емес активтер	027	1 770,0
Кейінге қалдырылған салық активтері	028	
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	029	
Ұзақ мерзімді активтер жиынтығы	200	24 703,2
Теңгерім (стр.100+стр.200)		1 060 334,9
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер		
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	030	
Салықтар бойынша міндеттемелер	031	
Басқа да міндетті және еркін төлемдер бойынша міндеттемелер	032	
Қысқа мерзімді кредиторлық берешектер	033	0,0
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	034	
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	035	
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиынтығы	300	0,0
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер		
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	040	
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	041	
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	042	
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелері	043	
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	044	

Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиынтығы	400	
V.Капитал		
Жарғылық капитал	050	
Төленбеген капитал	051	
Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	052	
Эмиссиялық табыс	053	
Резервтер	054	
Бөлінбеген пайда (өтелмеген шығын)	055	
Пайда жиынтығы (залал жиынтығы)	056	
Жинақталған қаржылық нәтиже	412	0,0
Таза активтер/капитал жиыны	500	0,0
Теңгерім (стр.100+ стр.200)		1 060 334,9

"Атырау облысы Ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі теңгерімінен "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі теңгеріміне тапсырылатын жабдықтар ТІЗІМІ

(2021 жылғы 23 тамызға)

"Атырау облысы Ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі	
Активтер	
Ғимараттар	0
Машиналар мен жабдықтар	62
Аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәммалы	56
Көлік құралдары	1
Өзге негізгі құралдар	2
Материалдық емес активтер	6
Барлық активтер	127
Материалдар мен өнімдер (теңге)	
Шаруашылық тауарлары	236,3
Отын, жанар-жағармай (ЖЖМ)	335,8
Басқа да материалдар	409,6
Барлық материалдар мен өнімдер	981,7

Тапсырды:

"Атырау облысы Ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Басқарма басшы: _____ А.С.Айтқалиев

Бас маман-есепші: _____ А.М.Шайхиев

Қабылдады:

"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Басқарма басшысының м.а.: _____ Т.Б.Әміров

Бөлім басшысы: _____ А.М.Сұлтанғалиева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК